



Сыр бойы

№102 (21177) 14 шілде, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Қазақстан Республикасының биылғы қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есепті тыңдап, экономиканы одан әрі әртараптандыру жоспарымен танысты.

Премьер-министр бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнім көлемі 4,1 пайызға өскенін баяндады. Экономика құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 9,8 пайызға, көлік саласы 7,1 пайызға, құрылыс 15,2 пайызға арты. Сондай-ақ сауда-саттыққа 5,7 пайыз, ауыл шаруашылығында 4,4 пайыз және байланыс қызметінде 4,3 пайыз өсім тіркелді. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 9,5 трлн теңгені құрады, соның ішінде жеке инвестиция 21,4 пайызға ұлғайды.

Олжас Бектенов ұлттық экономика құрылымын нығайту жөнінде есеп берді. Биыл өңдеу секторында 1,7 трлн теңгеге 200 инвестициялық жоба іске қосылып, 17 мың жұмыс орны ашылады. Үкімет басшысы ірі автожол жобаларының жүзеге асырылу барысы, Астана қаласындағы екінші әуежайдың құрылысын және Tarlan Astana көлік жүйесінің келесі кезеңін жоспарлау туралы айтты. Пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі 20 миллион шаршы метрге жетпек. Ауыл шаруашылығындағы өндіріс көрсеткіші 15 трлн теңгені құрап, егістік алқаптары 23,8 миллион гектарға дейін ұлғайды. Шаруаларды қолдауға 1 трлн теңге бөлінді. Бұл ретте бюджеттің әр теңгесі 6,5 теңге жеке инвестиция тартуға септігін тигізді.

Мемлекет басшысына Халықтың табысын арттыру жөніндегі кешенді жоспардың іске асырылуы және инфляцияны төмендету шаралары туралы ақпарат берілді. Маусым айында жылдық инфляция деңгейі 10,3 пайызды құрады.

Президентке әлеуметтік және көші-қон саясатын жетілдіру нәтижелері туралы баяндалды, сондай-ақ жұмысқа орналасуға ынталандыру арқылы әлеуметтік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру тәсілдері таныстырылды. Кейбір әлеуметтік төлемдерді оңтайландыру нәтижесінде жылына 800 миллиард теңгелен аса қаржы үнемделеді.

Кездесуде жылыту маусымына дайындық мәселесіне айрықша назар аударылды. Өткен маусымның қорытындысы бойынша бес жылу-электр орталығы аса жоғары тәуекелдің «қызыл» аймағынан шығарылып, үш ЖЭО «жасыл» аймаққа ауыстырылды. Биылғы жөндеу жұмыстары 9 энергия блогын, 55 қазандық және 51 турбинаны қамтиды. Аталған мақсатқа 384 миллиард теңге бөлінген. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жан-ғырту» ұлттық жобасы аясында жыл соңына дейін 12 мың шақырым инженерлік желі жөнделеді.

/// САПАР

БІР КҮНДЕ ЕКІ ЗАУЫТ

Мемлекет басшысының елдің өнеркәсіптік әлеуетін нығайту, инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру аясында жаңа өндіріс орындары іске қосылуда. Мұның дәлелі – сенбіде Аралда екі бірдей зауыт ашылып, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған бастамалар нақты іске айналды.



Суреттерді түсірген: Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



ТҮЙЕ СҮТІНЕН ҚҰРҒАҚ ҰНТАҚ

Алдымен аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары Арал қаласындағы түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығаратын зауыттың ашылу рәсіміне қатысты.

Салтанатты шарада облыс әкімі бұл бастама өндірісін қуатын нығайтуға, әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

– Баршаныңды аймағымыз үшін маңызды жобалардың бірі – түйе сүтінен ұнтақ шығару зауытының ресми ашылуымен құттықтаймын! Бұл өңір экономикасының дамуына тың серпін, еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға, жаңа

жұмыс орындарын ашуға мол мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жаңа инвестициялар ең алдымен еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек» деген бола-тын.

Осы ретте аймағымызда ірі инвестициялық жобалар сәтті жүзеге асуда. Соның бірі – 3 млрд теңгеге салынған «Қазақ Көмел» компаниясының түйе сүтінен құрғақ ұнтақ дайындау зауыты. Жалпы елімізде түйе сүтін өңдейтін кәсіпорындар бар болғанымен, өнеркәсіптік деңгейде құрғақ ұнтақ өндіретін зауыт өте аз. Сондықтан бұл – бірегей әрі маңызды бастама, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жылына шамамен 400 тонна өнім өндірілетін бұл зауытта 23 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Түйе сүтін құрғақ ұнтаққа айналдыру үшін күніне 20 мың литр сүт қажет. Бұл жергілікті тұрғындар үшін тиімді болмақ. Түйе сүтін күнделікті өткізіп, тұрақты табыс табады. Жергілікті өнімге сұранысты арттыру мақсатында келісімшарт жасалып, алдағы 10 жылда Қытай нарығына экспортталады. Мемлекеттік қолдау аясында индустриялық аймақтан 1 гектар жер телімі берілген. Сондай-ақ «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы Қытайдан қажетті технологиялық жабдықтарды сатып алуға 1,8 млрд теңге қаржы қарастырылды.

/// ЕҢБЕК АДАМЫ

МАҚСАТЫ – САПАЛЫ АУЫЗСУДЫ ҮЗДІКСІЗ ЖЕТКІЗУ

Су шаруашылығы қызметкерлерінің атаулы мерекесінде халықты уақыт өткен сайын адамзаттың аса зәру мұқтажығына айналып келе жатқан тіршілік нәрімен қамтамасыз етіп жүрген сала қызметкерлері еңбектеріне лайық марапат иеленді. Солардың қатарында «Елеулі еңбегі үшін» төсбелгісін алған «Арал-Сарбұлақ» топтық су құбыры кәсіпорнының Аралқұм насос станциясындағы аға шебері Темірхан Ахметов те бар.



Темірхан Рамбердіұлы еңбекке тым ерте араласты. Оның негізгі себебі, Қарақұмда өмір бойы қой баққан «Еңбек Қызыл Ту» орденді әкесі Рамберді Ахметұлы мен анасы Бәтманың «баланы жастан» деген темір тәртіпке негізделген тәрбиесі болатын. Еңбек-қор ата-ананың бүгінде үйлі-баранды болып, өздері ата-әжесі айналған үш ұл, екі қызы еңбекпен шынықты. Сабактан бос уақытта жылдың төрт мезгілінде жайлаудан қыстауға, қыстаудан жайлауға көшкенде, қой төлдетуде, қыркым, қарақол дайындау пунктінде төлді іріктеу, сою, терісін кептіру, қырып тазалау, сорптауға, өздері дайындаған қарақол терісін Шымкентке апарып өткізіп келу сапарында әкесіне жәрдемші болды. Бұл болашақтың нәтижелі өзегіне айналып, жемісін берді.

Темірхан Аралқұмдағы орта мектепті бітіріп Қарақұм кеңшарында бір жылдай жұмыс істеген соң, Ресейдің Иркутск қаласында әскери борышын өтеп қайтты. Қызылордадағы политехникуман инженер-құрылысшы мамандығын алып шықты. Қарақұм кеңшарында жұмысшы, аға жұмысшы, шебер болып еңбек етті де, Аралқұмға қоныс аударды. 2003 жылдан «Арал-Сарбұлақ» топтық су құбыры мекемесіне жұмысқа орналасты.

– Бала күнімен еңбекке ерте араласқан мені жаңа ортам жатырқаған жоқ, – дейді ол су шаруашылығы саласындағы еңбек жолы туралы сөз ете отырып, – содан бергі жылдар аралығында қатардағы жұмысшы, машинист, аға машинист, шебер, аға шебер қызметтерін менгердім. Мұны маңдай тердің қайтарымы ретінде мақтан тұтамын. Қызметімің сұранысына сәйкес 2006 жылы Қорқыт ата университетінен инженер-құрылысшы мамандығын бітіріп шықтым. Қазіргі кезде жүздеген шақырымды қамтитын «Арал-Сарбұлақ» су құбырын пайдалану басқармасына қарайтын мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Бердікөл» және «Қосаман» су құбырының екі су тартқысындағы 12 су көтергіш сорпа станциясының, хлорлау қондырғыларының, 38 ұңғыманың Арал және Қазалы халқын сумен қамтамасыз етіп отырғанын ел біледі. Басты мақсатымыз – халықты тәулік бойы сапалы ауызсумен қамтамасыз ету. Осы салада мен Аралқұм елді мекенінің насос станциясына жауаптымын. Бір бағыты Қазалыға қарай, мына жағы Қамыстыбас, Аманөткел, Бөген, Қаратөре, Жаңақұрылыс, қалағалап жүрміні. Мерекемізге орай еңбегімді елеп жатқан басшыларыма да алғысым шексіз.

Жолын тосып отыратын үй шаруасындағы жолдасы Жаңыл Ахметова, Аралқұм елді мекені әкімшілігінде статист болып еңбек ететін ұлы Қуаныш пен медбике болып қызмет жасайтын келіні Зәуреш, төрт немересі – Темірханның бар байлығы.

Арал ауданы әкімінің «Су шаруашылығының үздігі» дипломы, Экология және табиғи ресурстар министрінің Құрмет грамотасы, «Нұра» топтық су құбыры кәсіпорнының Құрмет грамотасы, кәсіби мерекеге орай берілген «Елеулі еңбегі үшін» төсбелгісі Темірханның еңбегінің елгенін айғақтайды.

Әлімжан ҚИЯС.
Қазалы ауданы

/// ФОРУМ

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ІРГЕТАСЫ

Бүгін «Достық үйінде» «Конституция – азаматтық қоғамды дамытудың құқықтық іргетасы» тақырыбында облыстық азаматтық форум өтті.

Форумда жаңа Конституция аясында азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыру, мемлекет пен қоғам арасындағы сындарлы әріптестікті нығайту және қоғамдық диалог мәдениетін дамыту мәселелері талқыланды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, зиялы қауым өкілдері, өңірдегі үкіметтік емес ұйымдар жетекшілері, басқарма және департамент басшылары, жастар ұйымдары, азаматтық қоғам белсенділері қатысты.

– Халықты ортақ мақсатқа жұмылдырып, үкіметтік емес ұйымдарды қоғамдық маңызы бар бастамаларға кеңінен тарту – мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыратын әрі қоғам мен билік арасындағы өзара сенімді нығайтатын озық тәжірибе.

/// САРАП

МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ – ТЕГІН БІЛІМ ЕМЕС, ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жыл сайын мыңдаған талапкер мемлекеттік білім грантының иегері атанады. Бұл – жастардың білім алып, маман болып қалыптасуына берілген үлкен мүмкіндік. Мемлекет әр студенттің оқуына қомақты қаржы бөліп, елдің адами капиталын дамытуға инвестиция жасайды. Алайда грант иегерінің де белгілі бір міндеті барын бірі білсе, енді бірі біле бермес. Заңнамаға сәйкес, мемлекеттік грантпен білім алған түлектердің бір бөлігі оқуын аяқтағаннан кейін мамандығы бойынша жұмыс істеп, оны өтеуге міндетті.

Иә, мемлекеттік грант – жай ғана тегін білім емес, үлкен жауапкершілік. Себебі олар арнайы келісімшартқа қол қояды. Бұл талаптың басты мақсаты – кадр тапшылығы байқалатын салаларды мамандармен қамтамасыз ету. Әсіресе педагогика, медицина және ауылдық жерлерде жоғары сұранысқа ие мамандықтар бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы маңызды мемлекеттік саясаттың бір бөлігі саналады.



Алтын дәрісхана негізінде дайындалған Қуаныш Оразбаев

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Президентке цифрландыру және ұлттық AI инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалуы туралы мәлімет ұсынылды. Олжас Бектенов «Деректерді өңдеу орталығы алқабы» жобасын іске асыру мақсатында әлемдік IT көшбасшыларымен бірге қуаты 250 MВт болатын инфрақұрылым жасакталатынын айтты. Шетелден тартылған инвестиция көлемі 10 миллиард доллардан асты.

Мемлекет басшысына туризм инфрақұрылымын жаңғырту жайында есеп берілді. Алматы тау кластерін дамыту саласының ДЖО құрылымындағы үлесін арттырады. Almaty SuperSki жобасының құрылысы жандана түсті: 60 шақырым трасса құрылысы аяқталғанда тәулігіне 10 мың адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндік туады. Нысанды пайдалануға беру 2028 жылдың желтоқсан айына жоспарланған. Еліміз «Болашақ ойындары-2026» жарыстарын өткізуге дайын.

Мемлекет басшысы жаңа Конституцияға сай қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар болды. Заңнаманы Ата заңға сәйкестендіру, «Әділетті Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» қағидаттарын нығайту, әлеуметтік саясатты жетілдіру, Алатау қаласын қарқынды дамыту үшін құқықтық негіз қалыптастыру, сондай-ақ «Таза Қазақстан» бастамасын ілгерілету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді өркендету бағытындағы жүйелі қадамдарды жалғастыруды тапсырды. Үкіметке әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар салуға арналған ауқымды бағдарламаны қолға алу міндеті жүктелді. Бұл бастама ел азаматтарының тұрмыс сапасын айтарлықтай жақсартуға тиіс. Заманауи денсаулық сақтау нысандарын салуға ерекше назар аударылады.

1-бет

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ІРГЕТАСЫ



Суреттерді түсірген: Ироаит НРЖҚЫБЫ

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында: «Азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет» деп атап өткен болатын.

Өніміміздегі азаматтық қоғам институттары мемлекеттік бастамаларды іске асыруға белсенді атсалысып, халықтың мүддесін қорғауға, өзекті әлеуметтік

мәселелерді шешуге нақты үлес қосып келеді, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Аймақта мыңға жуық қоғамдық ұйым тіркелген, 2023-2026 жылдары мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 555 әлеуметтік жоба жүзеге асты. Облыстық, аудандық әкімдіктер жанындағы кеңестер мен комиссиялар құрамында 200-ден астам үкіметтік емес ұйым өкілі бар.

Форумда «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры Жандос Тұсмағамбетов, «Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Зейнар Тәжиева, «Ел-Арай» қоғамдық қорының

төрағасы Асхат Байдаулетов және «Жас толқын» еріктілер жасағының жетекшісі Әнуар Токтамысов баяндама жасап, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арттыруға қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Сондай-ақ азаматтық қоғамның дамуына елеулі үлес қосқан азаматтарға Конституцияның жаңа редакциядағы арнайы басылымы табысталды. Өнірдегі белсенді үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері облыс әкімінің Алғыс хатымен және арнайы қаржылай сыйақы сертификатымен марапатталды.

БІР КҮНДЕ ЕКІ ЗАУЫТ

АС ТҰЗЫ ӨНДІРІЛЕДІ

Екіншісі – Арал қаласындағы жоғары сұрыпты ас тұзын өндіру зауыты.

Аймақ басшысы тұрғындарды құттықтап, өндіріс орнының жұмысына сәттілік тіледі.

– Жоғары сұрыпты ас тұзын өндіру зауытының ресми ашылуымен құттықтаймын! Сондай-ақ маңызды жобаны Арал ауданында жүзеге асырғаны үшін жеке инвесторға зор ризашылығымды білдіремін. Бұл – еліміздің экспорттық әлеуетін арттыратын, жаңа жұмыс орындары ашылатын маңызды жоба.

Өндіріс орындары экономиканы әртараптандыруға, тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға тың серпін береді деп сенемін, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

«Тоғыс-Аралотын» серіктестігі жоғары сұрыпты ас тұзын өндіру зауытына 1,8 млрд теңге қаржы салған, жылдық қуаттылығы – 40 мың тонна. Мұнда 20 адам жұмыспен қамтылады. Мемлекеттік қолдау аясында 4 гектар жер телімі беріліп, қажетті инфрақұрылым тартылды. Зауыт өнімдері ішкі нарықты қамтамасыз етумен қатар, көршілес мемлекеттерге де экспортталады.

Рәсімде облыс прокуроры Ризабек Ожаров, ел ағалары Айтбай Көшербай, Әділбек Айымбетов, Имамдин Оңғарбаев, Нұралы Оспанов сөз сөйлеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, зауыттардың іске қосылуына атсалысқан азаматтарға облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Өңірде экономиканы әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда 1 трлн 900 млрд теңгеге 48 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылмақ. Биыл 100 млрд теңгеге 21 жоба іске қосылады деп жоспарланған.

БАЛЫҚ ҚОРЫН КӨБЕЙТКЕН


Жарты ғасырдан астам тарихы бар «Қамыстыбас» балық питомнигі бағалы балық қорын сақтап, табиғи популяциясын көбейтіп келеді. Мұнда тұқы, ақ амур, донмаңдай секілді теңіз маржандары өсіріледі.

Мемлекеттік тапсырыс аясында жыл сайын 12 млн бір жаздық, 420 мың екі жаздық шабақ өсіріліп, Арал теңізі мен Сырдария өзеніне жіберіледі. Бұл өңірдегі су айдындарының балық қорын молайтуға ықпал етеді.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Арал ауданына жұмыс сапары кезінде Қосжар ауылдық округінің тұрғындарымен кездесіп, балық питомнигінің жұмысымен танысты.

Табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға қатысты жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Арал ауданы аумағында балық шаруашылығын дамытуға қолайлы Кіші Арал теңізінің 18 учаскесі, Сырдария өзені 1-бет



және 17 көл бар. Кіші Аралды балықтың 19 түрі мекендейді. Өндірістік қуаты шамамен 30 мың тонна болатын 10 балық өңдеу зауыты аймақтың экспорттық әлеуетін дамытуға үлес қосуда.

Сапар кезінде аймақ басшысы Аралқұм, Шөміш, Сапақ, Көктем ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

«БЕЙНЕУ-СЕКСЕУІЛДІ» 189 ШАҚЫРЫМЫ ОБЛЫС АУМАҒЫНАН ӨТЕДІ

Жұмыс сапары мотоцикл құрастыру зауытымен танысуға ұласты.

«Тоғыс-Аралотын» ЖШС бұл жобаға 1 млрд теңге бағыттаған. Жылына 20 мың компонент шығаруды жоспарлауда. Зауытта өндірілген өнімнің 50 пайызы ішкі нарыққа шығарылады, қалған 50 пайызы шетелге экспортталады.

Өндірістік жобалардың өңір экономикасын әртараптандырудағы, жаңа жұмыс орындарын ашудағы және экспорттық әлеуетті арттырудағы маңызы зор.

Бұдан кейін облыс әкімі «Бейнеу-Сексеуіл» бағытында-

ғы автомобиль жолының құрылысына қатысты мәселелерді пысықтады.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы V Ұлттық құрылтай отырысында «Бейнеу-Сексеуіл» автомобиль жолының құрылысын жеделдетуді тапсырған болатын.

Осыған сәйкес қазіргі уақытта салалық министрлік жобаны қаржыландыру көздерін айқындап, жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Жол құрылысына 780 млрд 285 млн теңге қаржы бөлінеді. Жалпы ұзындығы 559 шақырым, Қызылорда облысына 189 шақырымы тиесілі. Құрылысы толық аяқталғаннан кейін «Еуропа-Кавказ-Азия» халықаралық көлік дәлізі бойындағы бағыт шамамен 900 шақырымға, Қытай мен Ақтау арасындағы жүк жеткізу мерзімі екі тәулікке қысқарады.

Бұл жол өңірдің транзиттік әлеуетін арттыруға және теміржол бойындағы елді мекендердің дамуына оң әсерін тигізеді.



Аудан орталығынан шалғайда жатқан Құланды, Ақбасты, Ақеспе, Қосаман және Беларан елді мекендеріне қатынайтын автомобиль жолының мәселесі түбегейлі шешіледі.

Аймақ басшысы жауапты сала жетекшілеріне жұмыс сапасы мен мерзіміне қатысты талаптарды басты назарда ұстауды тапсырды.

«СБ» ақпарат

/// ӘРІПТЕСТІК

БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫ ЖАЛҒАСТЫРУҒА НИЕТТІ

Бүгінде қазақ-түрік ынтымақтастығы жаңа деңгейге көтерілді. Мемлекет басшылары Қасым-Жомарт Кемелұлының, Режеп Тайип Ердоғанның көшбасшылығымен бүгінде екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық әріптестік нығая түсті. Бұл өз кезегінде сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстардың қарқынды дамуына серпін берді.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «TUKIB» түрік-қазақ кәсіпкерлері қауымдастығының өкілдерімен кездесті. Кездесуде өңірде инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндіктері талқыланды.

– Бүгінде Қызылорда облысы тарихи мұрасымен ғана емес, инвестициялық мүмкіндіктерімен де ерекшеленеді. Өңірде агроөнеркәсіп кешенін, құрылыс индустриясын, тау-кен және өңдеу өнеркәсібін дамытудың, көлік-логистикалық әлеуетті арттырудың, сондай-ақ жанар-тыятын энергия көздері саласында ауқымды жобаларды жүзеге асырудың қажетті



алғышарттары бар. Осы бағытта әрбір инвестормен ашық, сенімді және ұзақ мерзімді әріптестік орнатуға дайынбыз, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Аймақ басшысы «Қазақстан Зираат Бан-

кінің» Қызылорда қаласында филиалын ашып, өңірдегі кәсіпкерлердің қаржы ресурстарына қолжетімділігін арттыруды ұсынды.

Аймақтың қарқынды дамуын ескере

отырып «Қазстройподряд» компаниясымен облыс орталығында заманауи сауда және ойын-сауық орталығын салу, «Тириак Холдингпен» бірлесіп керамикалық плитка және санитарлық бұйымдар өндірісін іске қосу мәселелеріне тоқталды.

Өңірде өнеркәсібінде «YDA Holding»-тің тәжірибесін пайдаланып, жаңа өндірістік жобаларды жүзеге асыруға, «Mir Yildiz» компаниясының қатысуымен геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге шақырды.

Өңірдің көлік-логистикалық әлеуеті жыл сайын артып келеді. Осыған байланысты «Қорқыт Ата халықаралық әуежайын» сенімгерлік басқаруға алу мүмкіндігін қарастыру және халықаралық хаб ретінде дамыту, «Alarko Holding»-пен жоғары технологиялық жылыжай кешенін, «Akso Energy»-мен бірлесіп ет өңдеу комбинатын салу бағытында ынтымақтастық орнату ұсынылды.

Кездесу қорытындысында тараптар инвестициялық ынтымақтастықты кеңейтуге, бірлескен жобаларды жалғастыруға ниетті екенін білдірді.

/// БРИФИНГ

АТАКӘСІП — АУДАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

Қармақшы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң серпін бар. Негізгі сапарлардағы жұмыс жоспар бойынша жүріп, Үкімет пен облыс қолдауының арқасында бюджет көлемі де өскен. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Жандос Еркінбек айтып берді.



– Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жыл сайын артып келеді. Биылғы алғашқы жартыжылдықта негізгі көрсеткіштердің барлығы бойынша оң нәтижеге қол жеткіздік. Бұл – мемлекеттік бағдарламалардың тиімді орындалуы мен атқарылған жұмыстардың нақты көрінісі. Осы жылға аудан бюджеті 9 млрд теңге көлемінде бекітілген болатын. Шілде айындағы нақтылау барысында 5,9 млрд теңгеге ұлғайтылып, жалпы 15 млрд теңгеге жетті. Сондай-ақ қантар-маусым айының қорытындысымен аудан бюджетінің түсімі 4,9 млрд теңге болып, жоспар 102,5 пайызға орындалды. Ал аудандық меншікті кірістер алғашқы алты айда 1,6 млрд теңге, бекітілген жоспардың орындалуы 108,4 пайыз. Нәтижесінде жергілікті бюджетке жоспарланған межеден 121,5 млн теңге артық қаражат түсті, – дейді аудан әкімі.

Қармақшыда биыл 24788 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның 11449 гектары – күріш. Сондай-ақ алғаш рет 733 гектар алқапқа дәндік жүгері тұқымы себілген. Бұған қосымша елді мекен тұрғындарының бақша егуі үшін 960 отбасыға 420 гектар жер бөлініп, қосалқы шаруашылықты дамытуға қолдау көрсетілді.

– Биыл ауданға 522,3 млн текше метр су лимиті бекітілген. Бүгінге дейін алқаптарға 311,2 млн текше метр су жеткізілді. Бұл – жоспардың 59,5 пайызы. Алда тағы 211,1 млн текше метр су алынады.

Екіншіден, мал шаруашылығы саласында да оң көрсеткіштер қалыптасуда. Осы жылдың алты айлық қорытындысымен барлық түліктің өсімі барын айтқым келеді.

Жалпы ауыл шаруашылығы – аудан экономикасының басты қозғаушы күші. Сондықтан егін шаруашылығын әртараптандыруға, су ресурстарын тиімді пайдалануға және ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін арттыруға ерекше мән беріп келеміз, – дейді аудан басшысы.

Оның айтуынша, су үнемдеу технологияларын енгізу мақсатында 88,5 шақырымдық 12 каналды бетондауға жоба-сметалық құжат әзірленуде. Оның жалпы құны 26,7 млн теңге.

Ауданда инфрақұрылым жүргізу жұмыстары да нәтижесіз емес. Елді мекендерге «көгілдір отын» тарту, электр бағаналары мен желілерін жаңарту, жол салу мен әлеуметтік ғимараттар тұрғызу күн тәртібінен түскен жоқ.

– Тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, елді мекендерді табиғи газбен және сапалы электр қуатымен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар тоқтамайды. Газдандыруға биыл республикалық бюджеттен 250 млн теңге бөлініп, Іркек және Теребай би ауылдарына газ желілері тартылуда. Қазір аудан халқының 74,8 пайызы табиғи газдың игілігін көріп отыр. Жоспарланған жобалар толық іске асырылғаннан кейін бұл көрсеткіш 77,3 пайызға дейін артады. Сондай-ақ биыл 4 ауылдық округтің электр желілерін жаңғыртуға 1,7 млрд теңге қажетті қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстарын бастаймыз. Жоспарға сәйкес, 2028 жылға дейін тозығы жеткен электр желілерінің 90 пайызы кезең-кезеңімен жаңартылады.

Ал жолды күтіп-ұстау жұмыстарына 37,4 млн теңге бөлініп, мердігер мекеме автомобиль жолдарын, жарықтандыру желілерін және жаяу жүргіншілер жолдарын жаңартуда. Ауданда 1,7 млрд теңгеге 5 көшеге күрделі жөндеу жүріп жатыр. Тағы бір жаңалық, 100 баспананың құрылысы басталып кетті, – дейді ол.

Жандос Еркінбектің айтуынша, облыстық маңызы бар «Жалағаш-Жосалы» автомобиль жолының Қызылтам елді мекені тұсындағы теміржол арқылы өтетін көпірді күрделі жөндеуге 1,4 млрд теңге бөлінген. Қазір онда құрылыс жүруде. Бұдан бөлек, демалушылардың қолдауымен 38 көшені жөндеуге жоба әзірленген. Ал аудан орталығында теміржол өткелін салу жобасы бойынша барлық қажетті құжат рәсімделіп, тиісті мемлекеттік органдардың келісімдері алынды. Енді жобаны қаржыландыру мәселесі қаралуда. Аспалы көпірге 5,5 млрд теңге қажет.

Брифинг соңында аудан әкімі алдағы кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз ету жұмыстары жалғастырып жеткізді.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ – ТЕГІН БІЛІМ ЕМЕС, ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚАНДАЙ ҚИЫНДЫҚТАР БАР?

Ең жиі кездесетін қиындықтардың бірі – мамандық бойынша тұрақты жұмыс табу. Кей өңірлерде бос жұмыс орындарының тапшылығы байқалса, кей жағдайда ұсынылған қызметтің жал-ақысы немесе еңбек жағдайы жастардың күткен деңгейіне сәйкес келмейді. Сонымен қатар отбасылық жағдай, ден-саулық мәселесі, жұбайының басқа қалада жұмыс істеуі сияқты әлеуметтік факторлар да өтеу міндетін орындауды қиындатады.

Осындай себептерге байланысты кейбір түлектер міндетті еңбек өтеудің орнына грант құнын мемлекетке қайтаруға мәжбүр болады. Алайда бұл сома жас маманға айтарлықтай қаржылық салмақ түсіреді.

Арайлым Нұрланқызы – Қорқыт ата университетінің биылғы түлегі. Ол қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білім алған. Айтұынаша, төртінші курсқа өткеннен кейін грант ақшасын қайтару жөнінде айтыла бастаған.

– Студенттерге түсіндірме жұмыстары толық жүргізілді. «Мансап» және қаржы орталығының мамандарымен біріге отырып хабарлама алмасу үшін WhatsApp-тан чат ашылды. Сонда барлық мәлімет беріліп отырды.

Шарт бойынша өзім 3 жасқа толмаған баламның болуына байланысты грантты өтеуден толығымен босатылдым. Сонымен қатар 3 жасқа толмаған балалары барлар, мүгедек санатындағылар немесе аяғы ауыр екенін растайтын құжатты бар студенттер мен сияқты өтеуден толығымен босатылады. Қаржы орталығымен байланыс үшін 1414 байланыс нөміріне хабарламаға келісім беру үшін 511 санын теріп барлық қаржылық және жұмыс жағдайымызды бақылауға келісім бердік.

Бізге жұмыс тауып береміз деп уәде еткен. Дегенмен ауыл-аймақтарға жібереді. Бірақ «Жастар тәжірибесімен» бір жыл ғана. Әрі қарай да жалғастырып, 3 жылға толтырса өтеуден құтылады. Егер осы аралықта өтеп жүріп, тұрмыстық жағдай немесе декреттік демалысқа шықса, орталыққа ескертіп, жұмыссыз болып тіркелуі керек. Тағы бір шарт, егер студент оқу бітіріп, әскерге кетіп толық бір жыл әскери билетпен келетін болса, өтеуден толық босатылады, – дейді түлек.

ЗАҢГЕРЛЕР НЕ ДЕЙДІ?

Бір топ сарапшы мемлекет қаржысына оқыған азаматтың елге қызмет түтуі заңды әрі әділетті талап екенін айтады. Себебі жұмыс білімге жұмсалатын бюджет қаражаты – салық төлеушілердің ақшасы. Ал екінші тарап қазіргі еңбек нарығының өзгергенін алға тартады. Олар түлектің кәсіби дамуы, жұмыс таңдау еркіндігі және жеке өмірлік жағдайлары көбірек ескерілуі тиіс деп есептейді.

Сарапшылар бірнеше бағытқа назар аударуды ұсынады. Біріншілен, еңбек нарығына нақты болжам жасалып, грант саны сол қажеттілікке қарай жоспарлануы

тиіс. Екіншіден, өңірлерге жұмысқа баратын жас мамандарға тұрғын үй, көтерме жәрдемақы, жеңілдетілген несие сияқты әлеуметтік қолдау шаралары кеңейтілсе, өтеу міндетін орындауға деген ынта артар еді. Үшіншіден, ерекше өмірлік жағдайға тап болған түлектер үшін өтеу мерзімін кейінге қалдыру немесе баламалы тетіктерді қарастыру жүйенің әділдігін күшейтеді.

Расымен, әлеуметтік желіні ашсаңыз, қазір осы мәселе күйіп тұр. Мәселен, «Грантпен оқығаным үшін 4 миллион теңге айыппұл келді. Оны білгенімде ақылы түрде оқитын едім» деген секілді жазбалар көп. Зангер Амангелді Бекмырза бұл ретте ақпараттың ашықтығы маңызды деп есептейді.

– Көптеген түлек грант өтеу тәртібі, жұмысқа орналасу талаптары немесе міндеттен босату негіздері туралы толық ақпаратты оқуын аяқтар кезде ғана біледі. Сондықтан жоғары оқу орындары бұл талаптарды бірінші курстан бастап тұрақты түсіндіріп отырғаны жөн. Расымен кейде ақылы оқыған да жақсы. Бірақ грантта оқып, сол мамандық бойынша жұмыс істесеңіз өте тиімді. Егер сізге 4 млн теңге айыппұл келсе, онда белгілі бір зансыздықтар бар деген сөз. Оны анықтап, заннамада көрсетілген бірнеше негіз бойынша қайта

– Басқа елдерде грант деген түсінік бар, бірақ оны қайтару деген болмайды. Мәселен, Ресейді алайық, біздегі ҰБТ сияқты олардың түлектері де жыл сайын ЕГЭ тапсырады. Одан өткендер бюджетке ілінеді. Біздегі грантқа ұқсас. Оқуды аяқтаған соң, мемлекетке оның ақысын қайтару деген жок. Ал Қытайда Гаокао деген тест тапсырады. Одан өткендер толық немесе жартылай қаржыландырылады. Ол жақта да кейін өтеу, мемлекетке қайтару деген жок. Менің пікірімше, мемлекеттік грантты қайтару дегенді алып тастаған жөн. Себебі, осы мемлекеттің азаматы оқуын бітірген соң өзі үшін жұмыс істейді, кәсібін ашады, одан салығын төлейді. Сол арқылы мемлекеттің мақсаттары жабылады деп есептеймін. Жалпы оны өтету қажет емес, – дейді.

ГРАНТТЫ ӨТЕУГЕ МІНДЕТТЕЛГЕН МАМАНДЫҚТАР

Бірінші санат – ауыл квотасымен оқығандар. Педагогика, медицина, ветеринария және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша ауыл жастарына бөлінетін квотамен оқыған түлектер ауылдық жерде кемінде үш жыл жұмыс



Фото ашық дереккөзінен

істеуі керек. Екінші санат – «Серпін» бағдарламасының қатысушылары. Олар консы аудару өңірлерінде кемінде екі жыл еңбек өтеуге міндетті. Үшінші санат педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша грантпен оқығандар. Олар оқуын аяқтағаннан кейін кемінде үш жыл білім беру немесе ден-саулық сақтау ұйымдарында жұмыс істейтін тиіс. Төртінші санат – басқа мамандықтар бойынша мемлекеттік грантпен білім алғандар. Олар да үш жыл жұмыспен өтеуге міндетті, бірақ нақты бір мекемеге байланыбайды. Ал PhD және бейінді докторантура түлектері университеттерде, ғылыми ұйымдарда, мемлекеттік мекемелерде немесе клиникалық базаларда кемінде үш жыл жұмыс істеуі қажет.

ЕГЕР ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛСАҢЫЗ...

Өтеу уақыты бітпей жұмыссыз қалған жағдайда да түлек грантты қайтаруға міндеттелуі мүмкін.

– Егер түлек міндетті жұмыспен өтеу мерзімі аяқталмай жатып жұмыстан шығып кетсе, оған бірден айыппұл салынбайды. Бірақ ол қайта жұмысқа орналасып, өтеу мерзімін жалғастыруы керек. Заң бойынша жұмыстан кеткен түлек 30 күн ішінде жана жұмыс табуға міндетті. Егер жұмысқа орналаспаса, онда ол өтеу талабын орындамаған болып есептеледі, – дейді қаржы орталығының мамандары.

Мұндай жағдайда мемлекет оның оқуына бюджеттен жұмсалған қаражатты қайтаруды талап етеді. Бірақ түлек бүкіл грант сомасын емес, тек өтелмеген кезеннің ақшасын қайтарады. Мысалы, түлек 3 жылдың 2 жылын жұмыс істесе, онда қалған 1 жылға кеткен шығын ғана есептеледі.

АЙЫППҰЛ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Қайтарылатын сома арнайы формула арқылы есептеледі. Оның ішінде мемлекетке қайтарылатын сома, студенттің оқуына жұмсалған жалпы бюджет қаржысы, міндетті жұмыспен өтеудің толық мерзімі, нақты жұмыс істеген уақыт.

Түлек қанша уақыт еңбек етсе, сол мерзім есептен шығарылады. Егер түлек оқу шығынын уақытында төлемесе, оған қосымша өсімпұл есептеледі. Бұл Азаматтық кодексте «тұрақсыздық айыбы» деп көрсетілген. Өсімпұл Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесіне қарай есептеледі. Қазір ол шамамен 18 пайыз деңгейінде, яғни қарыз көлемі мен кешіктірілген күн саны көбейген сайын айыппұл да өседі.

Қаржы орталығының дерегіне сәйкес, 2023-2025 жылдары мемлекеттік грантпен оқыған 173976 адам оқуын аяқтаған. Оның ішінде 82723 түлек қазір жұмыспен өтеу мерзімінде жүр, 691 адам міндеттемесін толық орындаған, 41803 адам заң аясында жұмыспен өтеуден босатылған, 4515 адам жұмыспен қамту орталығында тіркелген, 189 адам мемлекетке оқу шығынын қайтарған, 49 адамның міндетмесін қайтыс болуына байланысты тоқтатылған. Сонымен бірге 44 мыңнан астам адам міндетмесін орындамағандар қатарында тұр.

Қаржы орталығы бүгінде грантпен оқыған түлектер туралы ақпаратты арнайы ақпараттық жүйеде жүргізеді. Түлектер өз міндеттемесіне қатысты мәліметті Қаржы орталығының ресми сайты, әлеуметтік желілер, университеттердегі түсіндіру кездесулері, EGOV порталы, WhatsApp және электронды поштамен келетін хабарламалар арқылы ала алады. Сонымен қатар түлек орталыққа тікелей хабарласып, жұмыспен өтеу мерзімі, қарыз көлемі немесе босату негіздері туралы толық ақпарат сұрауға құқылы.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ



Сыр журналистикасы ауыр қазаға ұшырады. Белгілі журналист, «Сыр бойы» газетінің ардагері, акын, прозашы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Ақпарат саласының үздігі, Қазалы ауданының құрметті азаматы Жұмабек Айдарбекұлы Табынбаев дүниеден озды.

Жұмабек Айдарбекұлы саналы ғұмырын ел руханияты мен ақпарат саласына арнады. Еңбек жолын 1978 жылы бастады, 2001 жылдан аудандық «Қазыналы Қазалы», «Тұран Қазалы» газеттерінде әдеби қызметкер болды. Кейін облыстық «Сыр бойы», республикалық «Халық» газетінің Қазалы және Арал аудандары бойынша меншікті тілшісі болып абыройлы қызмет атқарды.

Жұмабек Табынбаев тек журналист қана емес, акын әрі прозашы ретінде де өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Оның «Өмір – керуен», «Соғыс туралы шындық», «Жадымдасың, жарқын бейне», «Қара кемпір», «Мен қайта оралдым» кітаптары оқырманнан жоғары баға алды. Сонымен қатар «Сыр бойы» газетінде жарық көрген «Сағыныштан сарғайған Сібір», «Талкекке түскен тағдыр», «Қасиеттен аттаған қасірет», «Жанқожа батыр» секілді көркем туындылары арқылы ұлттық әдебиет пен публицистиканың дамуына сүбелі үлес қосты.

Ерен еңбегі мемлекет пен қоғам тарапынан жоғары бағаланып, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен, «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Бірнеше мәрте «Жыл журналисі» атанып, облыстық және республикалық деңгейдегі марапаттарға ие болды. 2020 жылы оған «Қазалы ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

Жұмабек Айдарбекұлының кәсіби біліктілігі, азаматтық ұстанымы, адамгершілік болмысы мен өнегелі ғұмыры әріптестері мен кейінгі буын журналистер үшін әрдайым үлгі болып қала береді. Оның жарқын бейнесі мен есімі ел жадында мәңгі сақталады.

Облыстық қоғамдық даму басқармасы, «Сыр медиа» ЖШС және «Сыр бойы» газеті ұжымы

БАҚҰЛДАСУ

(Жұмабек досының қазасына)

Неткен мұңлық мына күн, Жасын түсіп жерге енсе. Естімесін құлағым, Көр бол, көзім көргенше.	Табынсам да енді мен, Түрегелмес төмпешік. Жадау тартқан пішінде, Батар бүгін соңғы кеш. Мына көптің ішінде, Жұмабектің орны бос.
Сүйретіліп сүлдерім, Қос бүйірім сыздалы. Ыстығында шілденің, Тұла бойым мұздады.	Тәубе дейін, тоба ғып, Кештім талай зор мұңды. Отырармын омалып, Толтыра алмай орныңды.
Болғаным ба досқа өгей, Басқа қандай жақсым бар. Қарайламай, қош демей, Қайда кетіп жатсындар?!	Бақұлдасар келді кез, Жұмақтық бол, жағаптық. Еркін едің ер мінез, Рухына – азаттық! Бақұл бол...
Ештеңеге сенгім жоқ, Менің осы сорым ба. Енді сені зембейлеп, Тартамыз ба қорымға.	Дүйсенбек АЯШҰЛЫ
Болған іске көндігем, Қырда жатыр көр тосып.	

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық қоғамдық кеңес және облыстық ардагерлер кеңесі «Сыр бойы» газетінің ардагері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Ақпарат саласының үздігі, Қазалы ауданының құрметті азаматы **Жұмабек Айдарбекұлы Табынбаевтың** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

БАҚҰЛ БОЛ, АРДАҚТЫ АНА



Шілденің 11-і күні ардақты ана, адал жар, қамқор әже Ұмытшақ Нұрсейітқызы Төребаева дүниеден өтті. Ол 1941 жылы 18 сәуірде бұрынғы Киров атындағы колхозда шаруа отбасында туған. Орта мектепті бітірген бойда Қазақ ауыл шаруашылығы институтының экономика, есеп факультетінде сырттай оқыған. Туған ауылындағы колхоз бухгалтериясында еңбек жолын жалғастырған. Сырдария аудандық жол бөлімінде, одан соң облыстық нан өнімдері бірлестігінің бухгалтериясында еңбек етіп, 1990 жылы зейнетке шыққан.

Жұбайы, Қазақстанның құрметті журналисі, облыстың құрметті ардагері Қайырбек Мырзахметұлымен бірге ұл-қыз өсіріп, немере сүйді. Еңбек еткен жылдары марапаттар, бірнеше Алғыс хат иеленді.

Үлкен әулеттің отанасы, ұрпақтарының тілекшісі болған Ұмытшақ Нұрсейітқызының есімі мен жарқын бейнесі оны білетіндердің есінде мәңгі сақталады.

Бақұл бол, ардақты ана.

«Сыр бойы» газетінің ұжымы

Жарнама.
Жарнама.
Жарнама.

«Сыр бойы», «Қызылорда өңіріне хабарлау», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық баспасында хабарландыру орналастырыңыз келісеңіз:
70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

“ҚАЗСУШАР” РМҚ “СЫР СУЫ” ФИЛИАЛЫ БОЙЫНША ТОПТЫҚ СУ ҚҰБЫРЛАРЫНА ЖӘНЕ ОҚШАУ СУ ЖҮЙЕЛЕРІН АУЫЗСУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША 2026 ЖЫЛДЫҢ І ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА СӘЙКЕС ТҰТЫНУШЫЛАР АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРУ КЕСТЕСІ			
№	Өндірістік бөлімшенің атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орыны
1	“Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры” өндірістік бөлімшесі	27 шілде күні сағат 11.00-де	Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі №56, қалалық мәдениет үйі
2	“Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы” Қазалы өндірістік бөлімшесі “Байқожа топтық су құбыры” өндірістік бөлімшесі	27 шілде күні сағат 16.00-де	Әйтеке би кенті, Ж.Аймауытов көшесі №68, кенттік мәдениет үйі
3	“Октябрь топтық су құбыры” өндірістік бөлімшесі “Қармақшы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы” өндірістік бөлімшесі	28 шілде күні сағат 11.00-де	Жосалы кенті, Қорқыт ата көшесі №1, кент әкімшілік мәжіліс залы
4	“Қармақшы ауданы, Төретам кенті және Ақай ауылдық округі оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы” өндірістік бөлімшесі	28 шілде күні сағат 15.00-де	Төретам кенті, Ғ.Мұратбаев көшесі №16 (Төретам кенттік клубы)
5	“Жалағаш ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы” өндірістік бөлімшесі	29 шілде күні сағат 11.00-де	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі 11, Мәдени-сауықтыру кешені
6	“Сырдария ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы” өндірістік бөлімшесі	29 шілде күні сағат 15.00-де	Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Д.Қонаев көшесі №8 Мәдениет үйі.
7	“Жиделі топтық су құбыры пайдаланушы” Жаңақорған өндірістік бөлімшесі “Талап-Сырдария” топтық су құбыры” өндірістік бөлімшесі	30 шілде күні сағат 11.00-де	Жаңақорған ауданы, А.Иманов көшесі №112 а (“Ордакент” ресурстық орталығы)
8	“Жиделі топтық су құбыры” өндірістік бөлімшесі “Шиелі ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы” өндірістік бөлімшесі	30 шілде күні сағат 15.00-де	Шиелі кенті, А.Байтұрсынов көшесі №13, кенсе ғимараты
9	“Қызылорда қаласы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы” өндірістік бөлімшесі	31 шілде күні сағат 10.00-де	Тасбөгет кенті, Абай Құнанбаев көшесі №1 Н ғимараты

